Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар, «коммерциялық облигациялар» категориясы

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 02.05.2025

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 110 916

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 110 916 000

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы: 1 696 608

Төленген сыйақы сомасы: 1 696 608

Сатып алынған борышқорлық бағалы қағаздар

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке): Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар:

Ұйымдастырылған,

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: «Қазақстан қор биржасы» АҚ

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Мәліметтерде құқықтар қарастырылмаған



Жалпы саны: 3 000 000

Борыштық бағалы қағаздардың түрі: Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

Борыштық бағалы қағаздардың номиналды құны: 1 000

Мемлекеттік тіркеу күні: 02.05.2025

Орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны: 0

Борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 0

Валюта: Теңге

Есептелген сыйақы сомасы: 0

Төленген сыйақы сомасы: 0

Сатып алынған борышқорлық бағалы қағаздар

Сатып алу күні:

Орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және олардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке): Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысқа енгізу тоқтатыла тұрған (жаңартылған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемесі мен күні көрсетіледі. Эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын нарықтар:

Ұйымдастырылған,

Сауда-саттықты ұйымдастырушы: "Қазақстан қор биржасы" АҚ

Бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

1. Облигацияларды шығару проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы; 2. Облигациялар шығару проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімдерде облигациялар бойынша тіркелген сыйақы алу құқығы; 3. Облигацияларды еркін сату және басқа да жолдармен пайдалану құқығы; 4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы; 5. Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте, сондай-ақ Эмитенттің ішкі қағидаларында және Биржаның ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте алу құқығы; 6. Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген және Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі алтыншы облигациялар шығарылымының проспектісінде 12-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзуы үшін негіздер туындаған жағдайда, облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы. Эмитент Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабының 2- тармағында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар, атап айтқанда: бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі алтыншы облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген облигациялардың айналыс мерзімі ішінде, Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті: 1)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармауға; 2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне Эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан аспайтын, Эмитенттің облигацияларын шығарумен байланысты емес міндеттемелерді орындамау фактілеріне жол бермеуге; 3) Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеуге; 4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеуге. Эмитент жоғарыда көрсетілген шарттарды бұзған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша жинақталған сыйақыны ескере отырып облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті, егер осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген шарттарды өзгертуге облигацияларды ұстаушылардың келісімі болған жағдайларды қоспағанда. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасының талабы, шаруашылық серіктестігінен акционерлік қоғамға айналдыру кезінде микроқаржы ұйымына қолданылмайды. Эмитент 2003 жылғы 02 шілдедегі Қазақстан Республикасы № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар, атап айтқанда: 1) Эмитент органы облигацияларды делистингтеу туралы шешім қабылдағанда; 2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және Биржаның ішкі құжаттарында айқындалған ақпаратты Биржаға беру бойынша арнайы (листингтік) талаптарды орындамауы себебінен Эмитенттің облигацияларын делистингтеу туралы Биржаның шешімі қабылданған жағдайларда жүзеге асырылады. Эмитент орналастырылған облигацияларды келесі бағалардың ең жоғарысы бойынша сатып алуға міндетті: • жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; • қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде); • Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушының айқындаған бағасы (егер Эмитенттің облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе). Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 15-бабында және 18-4-бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Эмитенттің облигацияларды сатып алу үшін негіздер туындаған жағдайда және бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі алтыншы облигациялар шығарылымының проспектісінің 12-тармағында көрсетілген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларды 3 (үш) жұмыс күн ішінде Биржаның интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы хабарлауға тиіс, оның ішінде: • Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін аталған оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпарат; • облигацияларды сатып алу туралы Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс- қимылдарының сипаттамасы; • Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат. Облигацияны ұстаушы осы тармақта көзделген облигацияларды сатып алу үшін негіздердің туындау фактісі туралы ақпарат алғаш жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күні ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу үшін Эмитенттің атына өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқығы бар. Облигацияны ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш беруі тиіс: Заңды тұлға үшін: • облигация ұстаушының атауы; • бизнес-сәйкестендіру нөмірі; • мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және беру органы; • заңды мекен- жайы және нақты орналасқан жері; • телефоны; • банк деректемелері; • сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі; Жеке тұлға үшін: • облигация ұстаушының тегі, аты және бар

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



болса әкесінің аты; •жеке сәйкестендіру нөмірі; •жеке басын куәландыратын құжатты берген нөмірі, күні және органы; •тұрғылықты жері; •телефоны; •банк деректемелері; •сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі. Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте облигацияларды сатып алу күні Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу туралы шешімін қабылдаған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей белгіленеді. Қатысушылардың жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитариінің ресми сайтында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы облигация ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды. Сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі. Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш бермеген облигация ұстаушылары бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі алтыншы облигациялар шығарылымының проспектісінде көрсетілген, айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы. Облигация ұстаушыларының Эмитенттен өзге мүліктік баламаны немесе өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген.

11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар;
 - 2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары;
- Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда, осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі;
- 3) өзге құқықтар.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

32. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

- 1) басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;
- 2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;
- 3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

34. Эмитенттің орналастырылатын облигацияларды сатып алуына байланысты тәуекелдер:

1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы оның қызметіне бағалы қағаздар бойынша нашарлауы мүмкін жағдайының әсері және міндеттемелерін орындауы сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша, салада болуы мүмкін аса маңызды (ішкі және сыртқы нарықта бөлек жеке) өзгерістер келтіріледі.

Эмитент саласының ықтимал нашарлауы ретінде салалық тәуекел айтарлықтай төмен деп бағаланады. Эмитент қызметіне қатысты ең маңызды тәуекелдердің арасында маңыздылығы бойынша келесілерді бөлуге болады:

- микроқаржы қызметі саласындағы заңнама - микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын талаптардың нашарлауы және талаптарды күшейту бөлігінде өзгерістер;
- заңнама шеңберінен тыс жұмыс істейтін компаниялардың әрекеттерінен микроқаржы нарығына деген сенім деңгейінің төмендеуіне алып келетін тәуекелдер;
- саяси және экономикалық тұрақсыздық.

Эмитент өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жекелей) пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитент өзінің негізгі қызметі үшін үшінші тарап қызметтеріне жүгінбейді, сондықтан мұндай тәуекел жоқ.

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметіне (ішкі және сыртқы нарықтарға жекелей) бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері.

Эмитент өзінің негізгі қызметі үшін үшінші тарап қызметтеріне жүгінбейді, сондықтан мұндай тәуекел жоқ.

2) қаржы тәуекелдері – эмитенттің қаржылық жағдайының пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне, шетел валюталарының айырбас бағамына, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының нарықтық бағасына байланысты тәуекелдерге ұшырауын сипаттайды.

Эмитент ұшырайтын негізгі қаржылық тәуекелдерге несиелік және пайыздық тәуекел жатады. Несиелік тәуекел – Эмитенттің қарыз алушының шарттық міндеттемелерін орындамауынан туындаған қаржылық шығынға ұшырау тәуекелі. Эмитенттің негізгі қызметі микрокредиттер беру болып табылатындықтан, Эмитент қарыз алушының Эмитент алдындағы берешегін уақытында толық немесе ішінара өтей алмау тәуекелін өзіне алады.

Эмитент бір қарыз алушыға лимиттерді және несие сомасының кепілзаттың нарықтық құнына максималды арақатынасын белгілеу арқылы несиелік тәуекелді бақылайды. Несиелік тәуекелді басқару жұмыс істеп тұрған және әлеуетті қарыз алушылардың пайыздық төлемдер мен негізгі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



қарызды өтеу қабілетін жүйелі талдау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, эмитент көлік түріндегі кепілді алу арқылы несиелік тәуекелді басқарады. Эмитент автокөлік кепілімен қамтамасыз етілген шағын несиелерді ғана береді. Эмитент сонымен қатар микрокредиттік портфель бойынша нақты және ықтимал шығындарға 9 ХҚЕС сәйкес резервтер жасайды. Пайыздық тәуекел – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлеменің қолайсыз өзгеру тәуекелі. Қаржы институттарынан алынған және/немесе облигацияларды орналастыру арқылы тартылған қарыз қаражаты бойынша сыйақы мөлшерлемесі өскен кезде Эмитент қарыз қаражатын неғұрлым үнемді орналастыру мүмкіндігін тұрақты негізде қарайды, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

Эмитент баланста шетел валютасындағы активтер мен міндеттемелердің болмауына байланысты шетел валютасының айырбастау бағамдарының қолайсыз өзгеру тәуекеліне (валюталық тәуекел) ұшырамайды.

Эмитенттің активтерінде бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының болмауына байланысты эмитент бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарының бағасының қолайсыз өзгеру тәуекеліне (баға тәуекелі) ұшырамайды.

Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің тепе-теңсіздігі (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде атқаруының күтпеген қажеттілігі туындауының нәтижесінде туындайтын эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитенттің залалдарының туындауына байланысты тәуекелдер.

Бұл тәуекел деңгейі төмен, өйткені микрокредиттердің нақты мерзімі 1 жылдан аспайды, активтердің айналымы жоғары, бұл Эмитентке өз міндеттемелеріне қызмет көрсету үшін қажетті сомаларды тез жинақтауға мүмкіндік береді. Несие тарихы жақсы, кредиторлар мен инвесторлардың сенімі де Эмитентке қарызды қаржыландыру нарығында қажетті қаражатты жылдам тартуға мүмкіндік береді.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі.

Қаржылық тәуекелдерге микроқаржы ұйымдарының қызметі, сондай-ақ олардың кескіндері және шағын несиелер активтері (алынған несиелер, кредиторлық берешек) көбірек ұшырайды. Қаржылық тәуекелдердің туындау ықтималдығын Эмитент төмен деп бағалайды, себебі қаржылық есептілік көрсеткіштерінің ешқайсысы бұрын елеулі өзгерістерге ұшырамаған. Эмитенттің қаржылық тәуекелдерінің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске ұшырамауын бақылап қажетті шараларды ескереді, барынша азайтуға Эмитент шара қолданады.



3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Эмитент үшін құқықтық тәуекел төмен деп бағаланады. Құқықтық тәуекелді барынша азайту мақсатында Эмитент валюталық, салықтық және азаматтық заңнамадағы өзгерістерді бақылауға және оларға жедел ден қоюға бар күшін салады. Кеден заңнамасы Эмитенттің қызметіне қолданылмайды. Микроқаржы қызметі лицензияланатын қызмет түрі болып табылады. Микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензия беретін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі болып табылады. Микроқаржы ұйымдарына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерді сақтау, ай сайынғы нормативтік және қаржылық есеп беруді, ең жоғары тиімді мөлшерлемелерді, микрокредиттер сомасын және т.б. Эмитентке қатысты жүргізілген қадағалау органдарының жоспарлы тексерулері Эмитенттің қызметінде өрескел бұзушылықтарды анықтаған жоқ. Эмитент микроқаржы ұйымдарының қызметіне қатысты әртүрлі мәселелерді шешуде бизнеске жәрдемдесу және көмек көрсету қызметін атқаратын Қазақстан Республикасы Микроқаржы ұйымдары қауымдастығының мүшесі болып табылады. Бұл қауымдастыққа мүше болу Эмитентке басқа микроқаржы ұйымдарымен бірге компанияның мүдделерін қорғауға және заңнамаға енгізілген өзгерістерге ықпал етуге көмектеседі.

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Іскерлік беделмен байланысты тәуекел, атап айтқанда қаржылық тұрақтылықты, эмитенттің қаржылық жағдайын және қызмет көрсету сапасын теріс қабылдаумен байланысты тәуекелдер ең аз, өйткені Эмитент көрсетілетін қаржылық қызметтердің сапасын мұқият қадағалайтынын, ұсынылған қаржылық және басқа да жарияланған ақпараттың ашықтығы мен толықтығы қағидасын қатаң сақтайды. Жылына кемінде бір рет қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудитін жүргізеді. Эмитент шарттық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды, заң талаптарын орындайды.

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік) нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Стратегиялық шешімдерді тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, Эмитент орта және ұзақ мерзімді жоспарлау бағдарламасын пайдаланады. Бұл бағдарлама Эмитенттің бүгінгі жағдайын, нарықтық әлеуетін, қызметтің басым бағыттарын, компания миссиясын, тәуекелдері мен қауіптерін, мүмкіндіктері мен артықшылықтарын бақылайды.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы.

Эмитенттің қызметі айналыста болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалануды талап етпейді. Проспектіні бекіту күніне Эмитент үшінші тұлғалардың қарыздарын қамтамасыз етуді жүзеге асырмаған және еншілес ұйымдары жоқ. Эмитентте айналымы Эмитенттің өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден түскен жалпы кірістің кемінде 10 пайызын құрайтын тұтынушылары болмайды.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды.

Елдік тәуекел төмен деп бағаланады, өйткені Эмитенттің шетелдік контрагенттері жоқ, эмитенттің негізгі контрагенттері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылады.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Эмитент үшін операциялық тәуекел төмен, себебі Эмитент қызметкерлері ішкі процестерді жүзеге асыруда ішкі бақылауды жүзеге асырады, ішкі процестердің орындалуын бақылау кезінде сыртқы оқиғалар да ескеріледі. Сонымен қатар, контрагенттермен жұмыс істеу кезінде қызметкерлер контрагентке теңгерімді және саналы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін «жауапты несиелеу» принципін пайдаланады.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды.

Климаттық және экологиялық факторлармен байланысты тәуекелдер эмитенттің қызметіне тікелей әсер етпейді

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары және қатысу мерзімі.

2) эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар өзге мүшелерінен аса тәуелді болса, осындай тәуелділіктің сипаты толық баяндалады.

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге немесе консорциумдарға қатыспайды. Эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметі өндірістік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, консорциумдарға және қауымдастықтарға тәуелді емес. Эмитент «Қазақстан микроқаржы ұйымдарының қауымдастығының» мүшесі болып табылады. Қауымдастық коммерциялық емес ұйым болып табылады және оған мүшелік эмитенттің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне ешқандай әсер етпейді.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

Эмитент ешқандай ұйымдарда жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызын (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) иеленбейді.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;
- 3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- 1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)): Эмитенттің 2023 жылғы қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған аудиторлық ұйым – «Almir Consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылы 27 қарашада берген, Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия № 0000014. «Almir Consulting» ЖШС аудиторы (2023 ж.) – Искендерова Г.К. (03.09.2012 ж. № МФ-0000101 аудитордың біліктілік куәлігі).

Аудитор аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымға тиесілі: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде аккредиттелген «Аудиторлар колледжі» кәсіби аудиторлық ұйымы; Халықаралық бухгалтерлер федерациясының «Фирмалар форумы» халықаралық есеп желілері қауымдастығының толық мүшесі болып табылатын IESnet халықаралық бухгалтерлік желісі.

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 (727) 311-01-18

Факс нөмірі (бар болса):

Электрондық пошта мекенжайы (бар болса):



1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)): Эмитенттің 2024 жылға арналған қаржылық есептілігіне аудит жүргізген аудиторлық ұйым "SFAI Kazakhstan" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады. Аудиторлық қызметке № 24020399 мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2024 жылғы 3 маусымда берілген, бас директоры Олжас Қуанышбеков және аудиторлық серіктес Дильшат Курбанов 07.08.2024 ж. № МФ-0001872 аудитордың біліктілік куәлігі.

Аудитор аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымға тиесілі: 23.02.2018 жылдан бастап №72 куәлік негізінде Қазақстан Аудиторлар одағының мүшесі.

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7 (727) 327-68-06

Факс нөмірі (бар болса):

Электрондық пошта мекенжайы (бар болса):

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары.

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі: жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритизлендіру мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер интернет-ресурста орналастырылды қаржылық есептілік депозитарийінің құжаттары мемлекеттік қызметке ұсынылған күнге дейін облигациялар шығарылымын тіркеу (облигациялық бағдарлама).


44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.

46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.

Уәкілетті тұлға



(электрондық цифрлық қолтаңба)

НИ РОМАН АРКАДЬЕВИЧ

(тегі, аты, әкесінің аты)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электрондық құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

